

БҰЙРЫҚ

2026 ж. «19» қаңтар

№ 1-06/17/1

**Мемлекеттік қызмет көрсету үшін жауапты
тұлғаларды тағайындау туралы**

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік қызмет көрсету туралы» 2013 ж. 15 сәуірдегі Заңы, Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің «Отбасы және балалар саласында мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларын бекіту туралы» 2020 ж. 24 сәуірдегі № 158 өзгерістер мен толықтырулар ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.04.2023 ж. 10, 11 № 95, Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2020 жылғы 24 маусымдағы № 264 толықтырулар мен өзгерістер 2021 ж. 3 маусымдағы № 275, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 378, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің «Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктердің және азаматтығы жоқ тұлғалардың мектеп алды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алу ережесін бекіту туралы» 2010 жылғы 28 қыркүйектегі № 468 өзгерістер мен толықтырулар 2022 жылғы 29 қарашадағы 481 бұйрықтары және мемлекеттік қызмет көрсету сапасын қамтамасыз ету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Білім беру саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін жүзеге асыру үшін жауаптылар тағайындалсын.

2. «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау» және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктердің және азаматтығы жоқ тұлғалардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасында уақытша тұратын тұлғалардың (босқындар, пана іздеген адамдар, консулдық лауазымды тұлғалар, дипломатиялық мекемелердің қызметкерлері, Қазақстан Республикасында көші-қон заңнамасына сәйкес жұмыс істейтін еңбек мигранттары) балалары мектепалды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алу үшін білім беру ұйымдарына қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына және журнал жүргізуге жауапты болып З.Т. Саметова тағайындалсын.

3. «Аз қамтылған отбасылардағы балалардың қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру»

